

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**
**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№_5_ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

24.02.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрайымы:

1.Сарыбаева Ә.Х. - Физика кафедрасы, п.ғ.к., доцент

АК мүшелері:

- | | |
|-------------------------|---|
| 2. Сарбаева Г.Т. | - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 3. Жылысбаева Г.Н. | -Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 4. Берді Д.К. | -Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 5. Сарбаева М.Т | -Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. Беласарова Ш.М. | - Экология химия кафедрасы, аға оқытушы |
| 7. Раманкулов Ш.Ж. | -Физика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 8. Шектибаев Н.А | -Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 9. Батырбекова А.Ж. | -Физика кафедрасы, оқытушы |
| 10. Турганбаева Ж. Н. | -Математика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 11. Муратбекова М. | -Математика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 12. Тойжигитова Б.Б. | -Биология кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 13. Сейтметова А.М. | -Биология кафедрасы, б.ғ.к., доцент м.а. |
| 14. Ниязова Г.Ж. | -Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, п.ғ.к., доцент |
| 15. Назарбек Т.С. | -Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, оқытушы |
| 16. Ескараева Б.И. | -Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, аға оқытушы |
| 17. Азретбергенова Ж.Ж. | -№23 ІТ Мектеп-лицейі директоры |
| 18. Орманова Г.К. | -ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, каф.меңгеруші, п.ғ.к. |
| 19. Миндетбаева А. | -Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты ғылым жөніндегі директор орынбасары |
| 20. Балтабай Д. | 6В01512 - Химия БББ студенті |
| 21. Султанқұл А. | 6В01513 - Биология БББ студенті |
| 22. Қанаева Ж. | 7М01506 - Физика БББ магистранты |
| 23. Егембердиев Д. | 8D01516 - Информатика БББ докторанты |
| 24. Толентаева Ғ. | 8D01502 - Математика БББ докторанты |
| 25. Алпысбаева Ф. | 6В01573 - Информатика, АКТ және робототехника БББ студенті |

Қатыспағандар: -

Күн тәртібі:

- 1.Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу
- 2.Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу
- 3.Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру
4. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрайымы Ә.Х.Сарыбаева: Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу, Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу, Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру, Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бүгінгі күн тәртібінде қаралады.

Күн тәртібіндегі 1-ші және 2-ші мәселелер бойынша Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу, Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу бойынша магистратура, докторантура ББ-сын келесі оқу жылына жаңарту енгізу жайлы жауапты тұлғаларды тыңдайық.

Сөз кезегі АК мүшесі, академиялық персонал, Г.Сарбаева алды:

7M01535- Химия білім беру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылына енгізілген өзгерістерге жасалған негіздемелер негізінде төмендегідей жаңартуға жіберілді. «Жоғары және доғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістер жасалды.

№	Пән коды	Пәннің атауы	Циклдің атауы/ компонент	Енгізілген өзгеріс
1	ОНККМ 5208	Органикалық химияның қазіргі кездегі мәселелері	Базалық пән/ ТК	Оқу жоспарынан алынып тасталды
2	ВНІМ 6305	Бейорганикалық химияның іргелі мәселелері	Бейіндеуші пән / ТК	Оқу жоспарынан алынып тасталды
3	ZhMHP OGAN 6308	Жоғары мектепте химиялық пәндерді оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері	Бейіндеуші пән/ ТК	Оқу жоспарынан алынып тасталды
4	KHSA 5206	Қолданбалы химияның заманауи аспектілері	Базалық пән/ ТК	Жаңадан қосылды
5	ZhBMS Z 6306	Жаңа бейорганикалық материалдарды синтездеу және зерттеу	Бейіндеуші пән/ ТК	Жаңадан қосылды
6	ZhBHO AZT 5206	Жалпы және бейорганикалық химияны оқытудың әдістемесі мен заманауи технологиялары	Базалық пән/ ТК	Бейіндеуші пән/ ЖК
7	ОНТТ 5208	Органикалық химияның таңдаулы тараулары	Базалық пән/ ТК	Бейіндеуші пән/ ТК
8	ОКЕ 6309	Органикалық қосылыстардың электрохимиясы	Бейіндеуші пән/ ТК	Атауы өзгертілді ESSA 6305 Электрохимиядағы заманауи зерттеу әдістері

Сөз кезегі АК мүшесі, академиялық персонал, М.Мұратбекова алды:

7M01547-Математика білім беру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылына енгізілген өзгерістерге жасалған негіздемелер негізінде төмендегідей жаңартуға жіберілді. «Жоғары және доғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістер жасалды:

- ББ мақсаты нақты және синергетикалық түрде біріктірілді, яғни ББ мақсатының негізгі мәтіні өзгерген жоқ.

- ББ пәндерінің жалпы саны өзгерді, яғни 2021-2022 оқу жылының ББ-да 24 пән енгізілген, бірақ базалық міндетті пәндер (Ғылым тарихы мен философиясы, шет тілі,

басқару психологиясы, жоғары мектептің педагогикасы) Platonusta міндетті пәндердің каталогына енгізілгендіктен Есувода көрінбеген. ББ жаңарту кезінде бұл пәндер міндетті пәндердің каталогынан ЖОО пәндерінің каталогына ауыстырылды сондықтан пәндер саны өзгерді;

- Жалпы 24 пәннен сипаттамасы ұқсас, ОН бірдей 6 пән қысқартылды (зерттеулердің сандық және сапалық әдістері, технологияларды коммерцияландыру негіздері, Функционалдық анализ, Математикалық физика теңдеулері, Дифференциалдық теңдеулердің спектралдық теориясы, Математикалық модельдеу);

- 3 жаңа пән қосылды (Орта мектепте математикалық есептерді шығаруға үйретудің теориялық негіздері, Математикада экстремумға берілген қолданбалы есептерді шешу әдістемесі, Орта мектепте геометрия курсының заманауи үрдістері)

- басқа пәндердің кредиттерінің көлемі өзгерді (барлық пән 5 кредиттен енгізілді);

- Бір компоненттен екіншісіне ауысты: БП ЖК 2 пән жойылғандықтан ТК-дан ЖК-ға 3 пән ауыстырылды (Параметрлі теңдеулер және теңсіздіктерді шешудің әдістемелік ерекшеліктері, Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы және әдістері, Стандартты емес және математиканы тереңдете оқытудағы есептерді шешу);

- ОН мәтіні техникалық түзетілді (етістіктер жинақталып, жазылды). 7 ОН-нан 10 ОН-ге көбейтілді, себебі базалық міндетті пәндер (Ғылым тарихы мен философиясы, шет тілі, басқару психологиясы, жоғары мектептің педагогикасы) ОН-дері есувода көрінбегендіктен қосымша ендірілді;

- пән сипаттамаларында техникалық түзету енгізілді (50-60 сөзге толықтырылды).

8D015- Математика білім беру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылына енгізілген өзгерістерге жасалған негіздемелер негізінде жаңартулар жасалмады.

Сөз кезегі АК мүшесі, академиялық персонал, Б.Есқараева алды:

7M01557- Информатика білім беру бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылымен салыстырғандағы 2022-2023 оқу жылындағы енгізілген өзгерістер:

- ББ пәндерінің жалпы саны өзгерді, яғни 2021-2022 оқу жылының ББ-да 24 пән енгізілген, бірақ базалық міндетті пәндер (Ғылым тарихы мен философиясы, шет тілі, басқару психологиясы, жоғары мектептің педагогикасы) Platonusta міндетті пәндердің каталогына енгізілгендіктен Есувода көрінбеген. ББ жаңарту кезінде бұл пәндер міндетті пәндердің каталогынан ЖОО пәндерінің каталогына ауыстырылды сондықтан пәндер саны өзгерді;

- Жалпы 24 пәннен сипаттамасы ұқсас, ОН бірдей 4 пән қысқартылды (Зерттеулердің сандық және сапалық әдістері, Технологияларды коммерцияландыру негіздері, Деректер қоры қосымшаларын жасау, Цифрлық білім беру ресурсын педагогикалық жобалау технологиясы);

- 1 жаңа пән қосылды (Білім берудегі геймификация)

- Басқа пәндердің кредиттерінің көлемі өзгерді (барлық пән 5 кредиттен енгізілді);

- Бір компоненттен екіншісіне ауысты: БП ЖК 2 пән жойылғандықтан ТК-дан ЖК-ға 3 пән ауыстырылды (Мобильді оқыту және виртуалды нақтылық, Бағдарламалық инженерия, МООС оқытудың теориясы мен тәжірибесі);

- БББ бойынша қамтылған барлық оқыту нәтижелері және пәндердің қысқаша сипаттамасы жаңартылды.

2022-2023 оқу жылымен салыстырғандағы 2023-2024 оқу жылындағы енгізілген өзгерістер:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері өзгертілді:

1. Информатикадан күрделі және олимпиадалық есептерді шешу әдістері/Бұлттық технологиялар мен сервистер - 5-тен 7 кредитке;

2. Сараптамалық және зияткерлік оқыту жүйелері/Білім беру жүйесіндегі ақпараттық қауіпсіздік – 5-тен 6 кредитке;

3. Білім беру мекемесінің ақпараттық-білім беру ортасын жобалау/ Бақылау және бағалаудың заманауи әдістері – 5-тен 6 кредитке.

Сөз кезегі АҚ мүшесі, академиялық персонал, Ниязова Г.Ж. алды:

8D015- Информатика білім беру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылына енгізілген өзгерістерге жасалған негіздемелер негізінде жаңартулар жасалмады.

Сөз кезегі АҚ мүшесі, академиялық персонал, Н.Шектібаев алды:

7M01506- Физика білім беру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылына енгізілген өзгерістерге негіздеме ұсынылды:

2022-2023 оқу жылымен салыстырғандағы 2023-2024 оқу жылындағы енгізілген өзгерістер:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері өзгертілді:

1. Физика философиясы/ Механика курсы оқыту әдістемесі - 5-тен 7 кредитке

2. Оптика курсы оқыту әдістемесі/ Молекулалық физика курсы оқыту әдістемесі – 5-тен 6 кредитке

3. Атом, ядролық физика және элементар бөлшектер физикасы/ Электр және магнетизм курсы оқыту әдістемесі – 5-тен 6 кредитке

2021-2022 оқу жылымен салыстырғандағы 2022-2023 оқу жылындағы енгізілген өзгерістер:

Жалпы 24 пәннен сипаттамасы ұқсас, ОН бірдей 3 пән қысқартылды (зерттеулердің сандық және сапалық әдістері, технологияларды коммерцияландыру негіздері, ЖОО-да физика оқытушысының жұмысындағы креативті технология);

- басқа пәндердің кредиттерінің көлемі өзгерді (барлық пән 5 кредиттен енгізілді);

- Бір компоненттен екіншісіне ауысты: БП ЖК 2 пән жойылғандықтан ТК-дан ЖК-ға 3 пән ауыстырылды (ЖОО-да және мектепте физикалық практикумды ұйымдастыру және өткізу әдістері, Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәсілдері, ЖОО және орта мектептегі физикалық білімнің әдістемелік негіздері).

2020-2021 оқу жылымен салыстырғандағы 2021-2022 оқу жылындағы енгізілген өзгерістер:

БББ бойынша қамтылған барлық оқыту нәтижелері және пәндердің қысқаша сипаттамасы жаңартылды.

2019-2020 оқу жылымен салыстырғандағы 2020-2021 оқу жылындағы енгізілген өзгерістер:

2020-2021 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін жаңа білім беру бағдарлама жасалынды, онда оқыту нәтижелері, жаңадан 2-пән қосылды, пәндердің сипаттамасы, семестрлері және кредиттерінде біршама өзгерістер болды. "ЖОО-да физиканы оқытуда инновациялық технологияларды қолдану" пәнінің орнына "ЖОО және орта мектептегі физикалық білімнің әдістемелік негіздері" пәні қосылды.

8D01503- Физика білім беру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылына енгізілген өзгерістерге жасалған негіздемелер негізінде жаңартулар жасалмады.

Сөз кезегі АҚ мүшесі, академиялық персонал, А.Сейтметова алды:

7M01507- Биология 2021-2022 оқу жылымен салыстырғандағы 2022-2023 оқу жылындағы енгізілген өзгерістер:

- ББ мақсаты нақты және синергетикалық түрде біріктірілді, яғни ББ мақсатының негізгі мәтіні өзгерген жоқ.

- ББ пәндерінің жалпы саны өзгерді, яғни 2021-2022 оқу жылының ББ-да 24 пән енгізілген, бірақ базалық міндетті пәндер (Ғылым тарихы мен философиясы, Шет тілі,

Басқару психологиясы, Жоғары мектептің педагогикасы) Platonusta міндетті пәндердің каталогына енгізілгендіктен Есувода көрінбеген. ББ жаңарту кезінде бұл пәндер міндетті пәндердің каталогынан ЖОО пәндерінің каталогына ауыстырылды сондықтан пәндер саны өзгерді;

- Жалпы 24 пәннен сипаттамасы ұқсас, ОН-ы бірдей 3 пән қысқартылды (Зерттеулердің сандық және сапалық әдістері, Технологияларды коммерцияландыру негіздері, Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау);

- басқа пәндердің кредиттерінің көлемі өзгерді (барлық пән 5 кредиттен енгізілді);

- Бір компоненттен екіншісіне ауысты: БП ЖК 2 пән жойылғандықтан ТК-дан ЖК-ға 3 пән ауыстырылды (Теориялық биологияның таңдаулы тараулары, Эволюциялық биология, ЖОО-да биологияны оқыту әдістері);

- ОН мәтіні техникалық түзетілді (етістіктер жинақталып, жазылды). Ұқсас (9-10) ОН-дар біріктіріліп, 10 ОН-нан 9 ОН-ге азайтылды;

- пән сипаттамаларында техникалық түзету енгізілді (50-60 сөзге толықтырылды).

2022-2023 оқу жылымен салыстырғандағы 2023-2024 оқу жылындағы енгізілген өзгерістер:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 3 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері өзгертілді:

1. Қолданбалы биологияның таңдаулы тараулары/ Селекцияның заманауи әдістері - 5-тен 6 кредитке

2. Қолданбалы микробиология/ Өсімдіктер зиянкестері – 5-тен 7 кредитке

3. Биотехнология және нанотехнология/ Кинология негіздері – 5-тен 6 кредитке

Сөз кезегі АҚ мүшесі, академиялық персонал, Берді Д.К. алды:

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті ұйымдастырылуда және магистратура және докторантура бағытындағы жұмыс берушілермен кездесу өткізу жоспарланған, арнайы кесте жасалынған. Жұмыс беруші өкілі Түркістан мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты директорының ғылым ісі жөніндегі орынбасары А.Міндетбаевамен, Ақтөбелік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры орынбасары Т.Б.Тобагабыловпен қауымдастық мүшелерімен кездесуі ұйымдастырылды.

АҚ төрайымы Ә.Х.Сарыбаева: Құрметті АҚ мүшелері күн тәртібіндегі 4-ші мәселе бойынша осы ақпан айында біраз жұмыстар атқарылды, жоғарыда көрсетілген БББ жауапты тұлғалар есептері тыңдалды, осыған орай магистратура және докторантура бойынша ББ қайта қаралып, өзгерістер енгізуді қажет деп санаймыз.

Шешім:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу, Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және пәна ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу бойынша 7М01535- Химия, 7М01547-Математика, 7М01557- Информатика, 7М01507- Биология, 7М01506-Физика білім беру бағдарламаларына жаңартулар енгізіліп, өзгерістер жасалынсын.

2. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті ұйымдастырылуына кесте асырылсын.

3. Ақпан айында атқарылған іс-шаралардың нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрайымы:



Ә.Х.Сарыбаева

Хатшысы:



Д.К.Берді